

**Бекітілген тарифтік сметаның, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша 2025 жылғы 1 жартыжылдықтағы ЕСЕБІ**

## **1. Кәсіпорынға сипаттама**

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы (әрі қарай - Компания) Қызылорда облысы бойынша электр энергиясын беру қызметі бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылады.

**Компания қызметінің негізгі мақсаты** – Қызылорда облысының электр энергетикалық желілерінің тиімді және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

**Компаниядағы қызметкерлер саны** – 1017 адам, оның ішінде: әкімшілік-басқару персоналы – 62 адам, өндірістік персонал – 955 адам.

Компанияның пайдалануындағы электр желілерінің жалпы ұзындығы **10 504 шақырым**, қосалқы станциялардың саны – **2018 дана**, құрылғылардың жалпы тозу деңгейі **63,9% жетті**. Ағымдағы жылдың жоспарына сәйкес электр желілері мен қондырғылардың жалпы тозу деңгейін **3%-ға**, яғни, **60,9%-ға** дейін төмендету көзделген.

Құрылғылардың нормативті қызмет ету мерзімі **20-25** жылдан аспауы қажет болсада, қазіргі таңда олардың нақты қызмет еткен мерзімі **30-50 жылдан** асып отыр.

## **2. 2025 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы**

«ҚЭТТК» АҚ-ның 2025 жылға арналған инвестициялық бағдарлама жалпы сомасы 7 521 580 мың теңгеге меншікті және бюджет қаражаты есебінен бекітілді. Оның ішінде өз қаражаты есебінен 532 610 мың теңге соммаға:

- 264 210 мың теңгеге «Қызылорда қаласының ӘЖ-10/0,4 кВ электр желілерін реконструкциялау және жаңғырту»;
  - 80 793 мың теңгеге «электр энергиясын есепке алу аспаптарын жаңғырту және АСКУЭ-ге қосу»;
  - 70 160 мың теңге сомасына «телемеханика жүйесін жаңғырту және SCADA-ға қосу»;
  - 117 447 мың теңге сомасына «автотехника сатып алу».
- бюджет қаражаты есебінен жалпы сомасы 6 988 970 мың теңге:

- 194 988 мың теңгеге (ҚҚС-сыз) «ӘЖ-35кВ Л-33, Л-34 ПС – 220/35/10кВ «ҚЖЭО»-ҚС-35/10кВ «Шұғыла» ұзындығы 16 км жөндеу»;
- 2 694 402,28 мың теңгеге «Жаңақорған кентіндегі 10/0,4 кВ электр желілік жүйесін жаңғырту»;
- 4 099 669,81 мың теңгеге «Қызылорда облысы Шиелі кентіндегі «220/35/10 кВ Шиелі ҚС қайта құру».

*Табиғи монополиялар субъектілерінің  
қызметін жүзеге асыру қағидаларына  
5-қосымша  
1-Нысан*

**Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат**  
**«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ –ның**  
**2025 жылғы 1 жартыжылдығы бойынша қорытындысы**  
**электр энергиясын беру қызметі**  
*(реттеліп көрсетілетін қызмет)*

№ п/п	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуудың жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат						Пайда мен шығындар туралы есеп*	Инвестициялық бағдарламаның (сомасы)			
	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралар атауы	Өлшем бірлігі	Зағтай көрсеткіштердегі саны		Инвестициялық бағдарлама шеңберінде қызмет ұсыну кезеңі		Жоспары	Нақты	Ауытқу	ауытқу себептері
				Жоспар	Нақты						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
<b>2025 жылғы инвестициялық бағдарламадан 2024 жылға ауыстырылған іс-шаралар</b>											
1	Электр энергиясын беру	Қызылорда қаласындағы 10/0,4кВ ӘЖ қайта жаңарту мен модернизациясы	шақырым	6,5	6,5			119 447	119 447	0	Толығымен орындалды
2		Авторлық қадағалау қызметі	бірлік	1	1			580	580	0	Толығымен орындалды
3		Техникалық қадағалау қызметі	бірлік	1	1			3 085	3 085	0	Толығымен орындалды
4		КСО, ЩО, Тр-р қондырғыларын ауыстыру	дана	1	1			71 063	71 063	0	Толығымен орындалды
<b>2025 жылға арналған инвестициялық бағдарламасы</b>											

1	Электр энергиясын беру	Қызылорда қаласындағы 10/0,4кВ ӘЖ қайта жаңарту мен модернизациясы	шақырым	30,15	0,28			264 210	2 454	261 756	Барлық материалдар толығымен орталық қоймаға жеткізіліп, электр энергиясын есептегіш кондырғыларын орнату жоспарға сәйкес орындалуда
2	Қызмет көрсетілетін аумақ- Қызылорда облысы, аумағы 75 612 км <sup>2</sup> .	Электр энергиясы есепке алу аспаптарының модернизациясы мен АСКУЭ-ге қосу	дана	1299	587			80 793	36 509	44 284	Барлық материалдар толығымен орталық қоймаға жеткізіліп, электр энергиясын есептегіш кондырғыларын орнату жоспарға сәйкес орындалуда
3		Телемеханика жүйесі модернизациясы мен SCADA-ға қосу	жиынтық	2	0			70 160	0	70 160	«Bolashak Electric» ЖШС-мен №472Р/ОКО И келісім-шарты жасалып, құрылыс-монтаждау жұмыстары ағымдағы жылдың тамыз айына жоспарланған

4	Автотехника сатып алу	бірлік	3	2			117 447	91 793	25 654	1 бірлік кран-манипулятор және 1 бірлік Алдыңғы тиегіш автотехникалар ары мемлекеттік сатып алу порталы арқылы сатып алынып, 1 бірлік Манипулятор автотехникасына мемлекеттік сатып алу порталы арқылы келісім-шарт жасалуда
5	35кВ Л-33, Л-34 220/35/10кВ «КТЭЦ» ҚС – 35/10кВ «Шұғыла» ҚС арасындағы әуе желісін жөндеу жұмыстары	шақырым	16	0			194 898	0	194 898	«KazChinNur» ЖШС-мен №402Р/ОК 2025-05-02 келісім-шарт жасалып, құрылыс-монтаждау жұмыстары ағымдағы жылдың тамыз айына жоспарланған
6	<b>«Жанақорған кентіндегі 10/0,4 кВ электржелілік жүйені жаңғырту»</b>						<b>2 694 402</b>	<b>2 424 962</b>	<b>269 440</b>	Барлық жұмыстар 90%-ға орындалды
6.1	10кВ ӘЖ қайта жаңғырту	шақырым	69,167	62,25			853 590	768 231	85 359	
6.2	0,4кВ ӘЖ қайта жаңғырту	шақырым	103,511	93,16			619 927	557 935	61 993	

2025 жылдың 1 жартыжылдығына арналған «ҚЭТТК» АҚ есебі

6.3		10кВ КЖ қайта жаңғырту	шақырым	1,8	1,62			233 202	209 882	23 320	
6.4		0,4кВ КЖ қайта жаңғырту	шақырым	6,284	5,66			299 571	269 614	29 957	
6.5		ТП, КТПН қосалқы станцияларын КТПБ-10/0,4кВ блоктік үлгіде ауыстыру	жиынтық	53	48			628 751	565 876	62 875	
6.6		Авторлық қадағалау қызметі	қызмет	1	0			9 620	8 658	962	
6.7		Техникалық қадағалау қызметі	қызмет	1	0			49 742	44 767	4 974	
7		<b>Шиелі кентінде 220/35/10 кВ «Шиелі» ҚС қайта жаңғырту</b>	<b>бірлік</b>	<b>1</b>				<b>4 099 670</b>	<b>3 689 703</b>	<b>409 967</b>	Барлық жұмыстар 90%-ға орындалды
		<b>Жиынтығы:</b>						<b>7 521 580</b>	<b>6 245 421</b>	<b>1 276 159</b>	

Инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, мың теңге		Инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат**										Қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламада көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндіру	Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыруды бағалау
собственные средства	Қарыз қаражаты	Бюджеттік қаражат	Өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Негізгі қорлардың (активтердің) тозуының (физикалық) төмендеуі, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша)		Ысыраптарды төмендету, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша апаттылықты төмендету				
			өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	жоспар	факт	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі			
Амортизация	пайда	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26
13	14												



**3. 2025 жылға бекітілген тарифтік сметасының баптары бойынша орындалуы**

Табиғи монополиялар субъектілерінің  
қызметін жүзеге асыру қағидаларына  
5-қосымша  
2-Нысан

**Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы ақпарат**

**«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ –ның  
2025 жылғы 1 жартыжылдығы бойынша қорытындысы**

**электр энергиясын беру қызметі**

*(реттеліп көрсетілетін қызмет)*

р/с	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметадағы көрсеткіштер	Нақты қалыптасқан көрсеткіштері	Ауытқулар, %	Ауытқу себептері
1	2	3	4	5	6	7
1.	Тауар шығару мен қызметтер көрсетілуіне шығындары, оның ішінде:	млн тенге	5 465	2 573	(53)	
1.	Материалдық шығындар	млн тенге	337	132	(61)	
2.	Еңбекке ақы төлеуге арналған шығындар	млн тенге	3 895	1 634	(58)	Жаңа тарифтік сметаның 2025 жылғы 15 мамырдан бастап қолданысқа енгізілуіне байланысты
3.	Амортизация	млн тенге	1 082	775	(28)	нақты МЕА-ның ұлғаюы
4.	Жөндеу, барлығы: оның ішінде:	млн тенге	337	136	(60)	
4.1	ағымдағы жөндеу	млн тенге	50	18	(64)	
4.2	күрделі жөндеу	млн тенге	287	117	(59)	
II.	Кезең шығыстары, барлығы	млн тенге	369	285	(23)	
5.	Жалпы әкімшілік шығыстар, барлығы оның ішінде	млн тенге	209	145	(31)	
5.1.	Материалдық емес активтер амортизациясы	млн тенге	1,1	2	82	нақты МЕА-ның ұлғаюы

2025 жылдың 1 жартыжылдығына арналған «ҚЭТТК» АҚ есебі

5.2.	Салықтар	млн тенге	113	93	(18)	<i>Электр энергетика нысандарды ЭжТҮКШБ теңгерімінен «ҚЭТТК» АҚ теңгеріміне қабылдауға байланысты мүлік салығының ұлғаюнан</i>
5.3	<b>Өндірістік сипаттағы бөгде ұйымдардың қызметтері мен өзге шығындар, барлығы</b>	млн тенге	59	28	(53)	
6.	<b>ЕҚҚЖДБ сыйақы төленуіне шығындары</b>	млн тенге	<b>160</b>	<b>141</b>	<b>(12)</b>	<i>инфляцияның жоғарылауына байланысты</i>
III	<b>Ысырап шығындарын өтеуге байланысты шығындар</b>	млн тенге	<b>4 968</b>	<b>2 554</b>	<b>(49)</b>	<i>Бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясы тарифінің бекітілгеннен артуы</i>
IV	<b>Барлық шығыстар</b>	млн тенге	<b>11 048</b>	<b>5 544</b>	<b>(50)</b>	
V	<b>Пайда</b>	млн тенге	<b>0</b>	<b>(889)</b>		
VI	<b>Барлық табыс</b>	млн тенге	<b>11 048</b>	<b>4 655</b>	<b>(58)</b>	<i>2025 жылғы 1 қаңтарынан 14 мамырға дейін 7,007 теңге тариф қолданылды. 2025 жылдың 15 мамырынан бастап 9,346 теңге тариф енгізілді</i>
VII	<b>Көрсетілетін қызметтердің көлемі</b>	млн кВт*сағ	<b>1 179</b>	<b>613</b>	<b>(48)</b>	
VIII	<b>Нормативтік техникалық ысыраптар</b>	%	<b>14,45</b>	<b>14,45</b>	-	
		млн кВт*сағ	<b>170</b>	<b>83</b>	<b>(51)</b>	
IX	<b>Электр энергиясын беру қызметінің тарифі (ҚҚС-сыз)</b>	тенге/кВт*сағ	<b>9,371</b>			
	<i>ҚҚКРШ сомасын алып тастауды ескере отырып</i>	млн тенге	206			
	<i>2023 жылғы тұтынушыларға өтелмеген залал сомасы</i>	млн тенге	61			
	<i>Электр энергиясы бағасының айырмашылығына байланысты алынбаған табысты өтеу сомасы</i>	млн тенге	238			
X	PCOD сомасын шегергендегі кіріс	млн тенге	<b>11 019</b>	<b>4 655</b>	<b>(58)</b>	<i>2025 жылғы 1 қаңтарынан 14 мамырға дейін 7,007 теңге тариф қолданылды. 2025 жылдың 15 мамырынан бастап 9,346 теңге тариф енгізілді</i>
XI	PCOD сомасын шегергендегі электр энергиясын беру қызметінің тарифі (ҚҚС-сыз)	тенге/кВт*сағ	<b>9,346</b>	<b>7,598</b>	<b>(19)</b>	<i>2025 жылғы 1 қаңтарынан 14 мамырға дейін 7,007 теңге тариф қолданылды. 2025 жылдың 15 мамырынан бастап 9,346 теңге тариф енгізілді</i>

**4. Реттелетін көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат**

Электр энергиясы ажыратулары тек ауа райының қолайсыз жағдайлары кезінде орын алды. Тұтынушыларды электр энергиясымен үзіліссіз қамтамасыз ету мен транзитті ұлғайту бойынша энергожүйенің техникалық мүмкіндіктері, жұмыс сенімділігі сақталды. 2025 жылы 2-дәрежелі істен шығулар **127 рет** тіркеліп, сәйкесінше 2024 жылы 2-дәрежелі істен шығулар саны **131 рет** тіркеліп **3%-ға** төмендеген.

Қызметтер сапасы мен сенімділік көрсеткіштері барлық нормативтік-техникалық талаптарына сай сақталған.

*Табиғи монополиялар субъектілерінің  
қызметін жүзеге асыру қағидаларына  
5-қосымша  
3-Нысан*

**Реттелетін көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат****2025 жылғы 1 жартыжылдығы бойынша қорытындысы****«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ****электр энергиясын беру қызметі**

*(реттеліп көрсетілетін қызмет)*

рет. №	сапасы мен сенімділігі көрсеткіші	Есепті кезеңнің алдындағы 2024 ж. дерегі	2025 ж. жоспары (нормасы)	Ағымдағы 2025 жылдың фактісі	сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері сақталуын бағалау	сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері сақтамау себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	Жүйе жұмысындағы үзілістер жиілігінің орташа индексі (SAIFI)	0,3503	3,7	0,2128	норма	жоқ
2	Жүйе жұмысындағы үзіліс ұзақтығының орташа индексі (SAIDI)	0,4681	3,7	0,3589	норма	жоқ

**5. 2025 жылғы 1 жартыжылдығының нәтижесі бойынша электр энергиясын беру қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат**

Рет. №	Тиімділік көрсеткіші	Есепті кезең алдындағы 2024 ж. дерегі	2025 ж. жоспар	2025 ж. нақты	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау, %	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	Электр энергиясын беру, млн. кВт*сағат	1 173	1 179	613	0,5	жоқ
	Электр энергиясын беру, млн. теңге					алынатын табыстан РСОД сомасының алынып тасталуы және жаңа тарифтің енгізілу уақытында байланысты
2	Электр энергиясы ысыраптары, млн. кВт*сағат	164	170	83	2,4	жоқ
	Электр энергиясы ысыраптары, млн теңге					жоқ

**6. 2025 жылғы 1 жартыжылдығының негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері**

Жедел деректерге сәйкес есепті кезеңдегі жалпы табыс **4 655 млн теңгені**, жалпы шығын **5 544 млн. теңгені** құрап, шығын **889 млн теңге** мөлшерінде қалыптасты.

## **7. Электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдері**

Тарифтік сметада транзит көлемі **1 179 млн.кВт\*сағат** көлемінде бекітілген, есепті кезеңге транзиттің нақты көлемі **613 млн.кВт\*сағатты** құрап, бекітілген мөлшерден **4%**-ға ұлғайды. Электр энергиясының транзиты 2024 жылдың 1 жарты жылымен салыстырғанда *(2024 жылы 1 жарты жылдығында электр энергиясы транзитінің нақты көлемі 1 173 млн кВт\*сағ құрады)* **3 млн.кВт\*сағатқа** немесе **0,5%** өсіп отыр.

## **8. Реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушыларына жасалып жатқан жұмыстар туралы**

«ҚЭТТК» АҚ-ның тұтынушыларымен жұмыс жасаудың негізгі мақсаты: тұтынушыларға электр энергиясын беру бойынша қызметтерді сапалы және үзіліссіз қамтамасыз ету болып табылады.

Құны **2 694 402,28 мың теңге** сомасына "Жаңақорған кентіндегі 10/0,4 кВ электр желілік жүйесін жаңғырту» бағдарламасы аясында келесі жұмыстар атқарылуда:

- 69,167 шақырым 10кВ ӘЖ қайта жаңғырту;
- 103,511 шақырым 0,4кВ ӘЖ қайта жаңғырту;
- 1,8 шақырым 10кВ КЖ қайта жаңғырту;
- 6,284 шақырым 0,4кВ КЖ қайта жаңғырту;
- 53 жиынтық ТП, КТПН қосалқы станцияларын КТПБ-10/0,4кВ блоктік үлгіде ауыстыру;

**4 099 669,81 мың теңге** сомасына «Қызылорда облысы Шиелі кентіндегі "Шиелі "ҚС-220/35/10 кВ қайта құру» жұмыстары жүргізілуде.

## **9. 2025 жылға кәсіпорын қызметінің перспективалары** *(оның ішінде электр энергиясын беру бойынша қызметтеріне тарифі өзгерген жағдайда)*

Уәкілетті органның 2025 жылғы 8 мамырындағы №18-ОД бұйрығымен ағымдағы жылдың 15 мамырынан бастап **9,346 теңге** тарифімен электр энергиясын беру қызметінің тарифтік сметасы бекітілді. Қолданыстағы ережелерге сәйкес жыл соңына дейін тариф өзгертілмейді.

2025 жылдың тарифтік сметасы бойынша 2-ші жартыжылдықта жоспарлануда:

➤ электр энергиясы транзитінің көлемі – **562 млн кВт\*сағат**, нормативтік ысыраптардың көлемі - **85 млн кВт\*сағат** немесе **14,45%**;

➤ жөндеу жұмыстары – **337 млн.теңге** (*ағымдағы жөндеу – 50 млн. теңге; күрделі жөндеу – 287 млн.теңге*).

Орындалатын жұмыстар көлемі:

- **43,8 шақырым** электр тарату желілері мен **57 дана** қосалқы станцияларға күрделі жөндеу жұмыстары;
- **15,7 шақырым** электр тарату желілері мен **40 дана** қосалқы станцияларға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған.

Қазіргі таңда, барлық жөндеу жұмыстарына қажетті материалдар сатып алынып, жөндеу жұмыстары жоспарланған кестеге сәйкес орындалуда.

Компанияның жарғылық капиталын ұлғайту аясында облыстық бюджеттен бөлінген **218 млн теңгеге** ұзындығы 27 шақырым 35 кВ-тық Л-33, 34 әуе желісінің **16 шақырым** АС-95 сымын АС-120-ға ауыстыру арқылы, әуе желісінің тоқ өткізу қабілетін 300А-ден 390А-ге дейін кеңейту жоспарлануда. Қазіргі таңда, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы құрылыс-монтаждау жұмыстарына келісім шарт жасалып, жұмыстары жүргізілуде.

«ҚЭТТК» АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту аясында облыстық бюджеттен бөлінген **187 млн теңгеге** электр энергиясы шығынын азайту және кернеу бөлігінде электр энергиясының тиісті сапасын қамтамасыз ету үшін күштік трансформатордың қуатын 2500 кВа-ға дейін ұлғайту жолымен 35/10кВ «Таң» қосалқы станциясын жаңғыртуды жүзеге асыру қажеттілігі туындауда. Осы орайда, келесі электр қондырғыларды сатып алу қарастырылған:

- Трансформатор ТМН-2500/35-10кВ – 1 дана;
- Б35-9/К-Б У-1 типті ажыратқыш блогі – 2 дана;
- 35 кВ электр желісінің қорғаныс шкафы – 1 дана;
- 10 кВ тарату құрылғысы – 1 жиынтық.

Қазіргі таңда, қажетті электр қондырғылары сатып алынып, орнату жұмыстары жүргізілуде.

Еуропалық қайта құру және даму банкі несиесі бойынша міндеттемелер: негізгі қарыз 550 млн теңге, несиелік сыйақылар төлеуге 160 млн теңге жоспалануда.